

## **№9 ХАТТАМА**

**Өткізілген күні:** 23 сәуір 2026 жыл

**Қатысқандар:**

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 9, 11-сыныптарының қорытынды аттестаттауға дайындығы және 9, 11-сынып оқушыларымен мектеп психологының жұмысы.
2. Мектеп бітіруші түлектермен кәсіби бағдар жұмыстарының жүргізілуі.
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасының орындалу барысы.
4. Мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары.

### **II. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша** Татиева К.Ш. және Арингазина Д.Д. баяндама жасады. Олар 9 және 11-сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды емтихандарға (аттестаттауға) дайындық деңгейін, жүргізіліп жатқан қосымша сабақтар мен байқау сынақтарының нәтижелерін ортаға салды. Сондай-ақ, мектеп психологының емтихан алдында оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, күйзелістің алдын алу мақсатында өткізген тренингтері мен психологиялық қолдау жұмыстары туралы ақпарат берілді.

**Екінші мәселе бойынша** Балдықова Ж.Б. сөз сөйледі. Ол мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға көмектесу мақсатында жасалған кәсіби бағдар беру жұмыстарының қорытындысын таныстырды. Жоғары оқу орындары мен колледж өкілдерімен кездесулер, кәсіптік диагностикалық тесттер ұйымдастырылғанын хабарлады.


**Үшінші мәселе бойынша** Жүнісова Г.О. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасы мен сыныптарда атқарылған жұмыстарды баяндады. Оқушылар арасындағы кітап оқу белсенділігі, буккроссинг бұрыштарының жұмысы және өткізілген әдеби кештер туралы айтып өтті.

**Төртінші мәселе бойынша** шаруашылық меңгерушісі мен жауапты тұлғалар сөз алды. Көктемгі маусымда мектеп ауласын қоқыстан тазарту, ағаштарды әктеу, гүлзарлар мен көшеттер отырғызу, ауланы абаттандыру жоспары мен оның орындалу барысы талқыланды.

## ШЕШІМ:

1. 9, 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары күшейтілсін. Психологиялық қолдау шаралары емтихан аяқталғанға дейін жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Түлектермен кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғастырылсын, ата-аналар арасында түсіндіру шаралары өткізілсін.
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде ең көп кітап оқыған сыныптар мен оқушыларды марапаттау ұйымдастырылсын.
4. Мектеп ауласын абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстары бекітілген кестеге сай аяқталсын.

Мектеп директоры



Г.С.Алиева

Хатшы



Г.Н.Жакыбаева